

**Квест ойыны "Ойлан да тап"**

Жармагамбетова Сауле Токбергеновна  
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қамысты ауданы білім бөлімінің  
Клочков жалпы білім беретін мектебі» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Мақсаты: Бірлескен командалар құру арқылы ұйымшылдыққа, өзара бірлікке оқыту, көшбасшылық қасиеттерді, өзара қолдау мен ынтымақтастықты дамыту, позитивті өзара қарым-қатынасты қалыптастыру, креативті ойлауға, шешімдерді қабылдап, оларды жүзеге асыруға баулу.

Ойын барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі:

Армысыздар, құрметті оқушылар! Бүгін квест ойыны ұйымдастырамыз.

Яғни, көріп отырғандарыңыз түрлі станцияларда тапсырмаларды орындап, балл жинайсыздар.

Топтар маршрут парағы бойынша станцияларда жүріп өтеді.

Станция атауы	Балл
«Қазақтың 10 әні»	
«Тәуелсіз Қазақстан тарихы»	
«Артық сөзді тап»	
«Бұл кім?»	
«Сөз құра, тез құр»	
«Қазақстанның мерекелері»	

1.«Қазақтың 10 әні» станциясы. Қатысушылар бір әнді тыңдап әншіні анықтайды. Уақыты – 7 минут.(әннің атауы 2 балл, әнші 2 балл)

Әннің атауы
Әнші

2. «Тәуелсіз Қазақстан тарихы» станциясы

1. Елдің Ата заңы қалай аталады?

(Конституция)

2.Еліміздің Конституциясы қашан қабылданды?  
(30 тамызда 1995 жылы)

3. Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш астанасы қай қала? (Алматы)

4. Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш президенті кім?  
(Нұрсұлтан Назарбаев)

5. Нұр-Сұлтанның бас белгісін ата (Бәйтерек)

6. Алматының ежелгі аты қандай? (Верный)

7. Нұр-Сұлтанның ежелгі аты қандай? (Целиноград, Ақмола, Астана)

8.Еуропа мен Азияның байланыстыратын жолды ата? (Ұлы Жібек жолы)

9.Алтын адам қайдан табылған? (Есік обасынан)

10.Сақ патшайымы? (Тұмар немесе Томирис)

3. «Артық сөзді тап» станциясы

1. Оқушының оқу құралдары: сызғыш, қалам,

оқулық, өшіргіш, қасық.

(қасық)

2.Мектепке қатысты сөздер: сынып, мұғалім, сабақ, дүкен, қоңырау (дүкен)

3. Үнді дауыссыз дыбыс дыбыстар л,м,р,б,н (б)

4. Апта күндері: дүйсенбі, сейсенбі, сәуір, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі (сәуір)

5. Төрт түлік мал: жылқы, сиыр, түйе, қой, ит (ит)

6. Көкөністер қатары: сәбіз, қияр, алма, қызанақ, пияз (алма)

7. Уақыт бірліктері: сағат, минут, секунд, литр,жыл (литр)

4. «Бұл кім?» станциясы

1.Отырар қаласында дүниеге келді. Энциклопедист- ғалым, ақын, әдебиетші. «Екінші ұстаз» - «Шығыстың Аристотелі» деп атаған. Орта ғасырда өмір сүрген.(Әбу Насыр Әл-Фараби)

2.Оның әкесі ерте қайтты. Балғажа бидің қамқорлығында болған. «Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін оқыту құралы» кітаптың авторы.1941 жылы Торғай облысында туылған, ағартушы –педагог. (Ыбырай Алтынсарин)

3 Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданында дүниеге келді. 16 жасында ұстазы Сүйінбайдан бата алған. «Ленинградтық өрендерім»өлеңін жазды.(Жамбыл Жабаев)

4. Ол орыс мектебінде үш жыл оқып, Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың шығармаларын оқып шықты. Балалық кезінде Зере әжесі мен Ұлжан анасының әңгімелерін, ертегілерін ұнатқан. Шын аты Ибраһим. (Абай Құнанбаев)

5. «Сөз құра, тез құра» станциясы

Қ...қ

К...к

Н...н

А...а

Жауаптары: қазақ, керек, көк, қырық, нан, ана, ата, аға

6. «Қазақстанның мерекелері» станциясы

16желтоқсан- Тәуелсіздік күні

1 қаңтар-Жаңа жыл

8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні

22 наурыз- Наурыз мейрамы

1 мамыр- Қазақстан халықтарының бірлігі күні

9 мамыр-Жеңіс күні

6 шілде- Астана күні

30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституция күні  
1 қыркүйек-Білім күні  
1 желтоқсан-Тұңғыш Президент күні

Қорытынды.  
Қазылар алқасы ойынды қорытындылап, командаларды марапаттайды.